

№1 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы



«Ұлттық ойын – халық мұрасы»

**Жауапты тәрбиешілер: Узакбаева А.А.
Шонтыбаева А.Е.**

2023-2024 оқу жылы

«Ұлттық ойын –халық мұрасы»

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша іс-шара.

Түрі: сайыс

Мақсаты: Ұлттық ойындарды кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.

Ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

Қажетті құралдар: Арқан, Жылқы, Теңге, Қамшы.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар мен тәрбиешілер! Бүгінгі «Ұлттық ойын –халық мұрасы» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Топ арасындағы жарысқа топтарды ортаға шақырайық.

Қаражорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Тәрбиеші: Міне, балалар шықты алаңға,

Жас спортшылар жеке – жеке команда

Ал, балалар өздерінді таныңдар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

«Ура» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Тәрбиешілер: «Ұлттық ойын-халық мұрасы» - атты жарысымызды бастаймыз.

Бүгінгі жарысқа қатысуға 3 топ келіп тұр. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін әділқазы мүшелерімен танысайық.

1.Балбақша әдіскері – Назым Сағынғанқызы

2.Қазақ тілі маманы – Қарлығаш Қобыланқызы

3. Психолог маманы – Айжан Сансызбайқызы

Ал, құрметті халайық

Жарысты енді көріңіз

Әділ қазы алқасы

Әділбаға беріңдер- дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

1 - топ «Тұлпар»

Топ капитаны –

2 - топ «Қыран»

Топ капитаны –

3 – топ «Сұңқар»

Топ капитаны -

«Тұлпар» тобы

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсы ғой

Озып шығу бір басқа.

«Қыран» тобы

Босқа қарап тұрмайық,

Бағымызды сынайық

Намысты қолдан бермейік

Жарысты озып шығайық.

«Сұңқар» тобы

Сұңқар тобы алға
Биіктерге самға
Бірлігіміз барда
Жүреміз тек алда

Тәрбиеші: Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.

Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:

1. Бәйге
2. Арқан тартыс
3. Теңге алу
4. Қол күрес
- 5 . Бес табан

Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»

Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары (арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс. Бірінші аяқтаған топ жеңімпаз.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»

Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Ойын: Ұлттық ойын: «Бес табан»

Алаңға көмбе сызығы сызылады. Осы жерге әр бала 10-15см аралығында 2 топайдан тігеді. Көмбе сызығынан бес табан өлшеніп сызық сызылады.Бұл бес табан сызығы болады. Бес табан сызығынан 3 метр қашықтықта атыс сызығы сызылады. Осы сызықтан балалар кезек-кезек көмбедегі топайды қатты құлаштап атып, тігілген кенейлерді көмбедегі сызықтан әрі қарай 5 табан сызығынан шығаруы керек. (сүрет №2) Ойыншылар екіге бөлініп сақаларын иіріп ату кезегін анықтап алады, содан кейін атуды бастайды. Көмбеден шыққан топай атқан баланікі болып есептеледі. Егер ол көмбеден шығара алмаса, сақа тиген топай қайта тігіледі де келесі бала атады. Ойын осылайша жалғаса береді. Ең көп топай жинаған бала жеңімпаз болып табылады.

Тәрбиеші:

Өнерге биік сеніңіз
Думанға қызық келіңіз
Әділ қазы ел сенген
Өнерге баға беріңіз.

Тәрбиеші: Құрметті көрермендер, балалар біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды

әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан - жақты жетілдіруге бағытталған.

Бүгінгі балалармен ұйымдастырылған «Ұлттық ойын –халық мұрасы» атты спорттық кешімізді қорытындылап, әділқазылар шешімін тындайық.

Қатысушылар жүлделі орындармен марапатталады. Осымен спорттық жарысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

